



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Баршақұм ауылы

№ 22/1

« 31 » тамыз 2022 жыл.

Баршақұм орта мектебінде 2022-2023 оқу жылын бастау және демалыс кезеңдерін айқындау туралы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №363 бұйрығын және Байғанин аудандық білім бөлімінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №128/1 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымында 2022-2023 оқу жылы басталуы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:
2022-2023 оқу жылының басталуы - 2023 жылдың 1 қыркүйегі.
2. Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныпта - 35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда -36 оқу аптасы.
3. Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
1-11 сыныптардағы демалыс:
Күз - 7 күн (2021 жылғы 31 қазаннан 6 қарашаға дейін),
Қыс - 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсаннан 2023 жылдың 8 қаңтарына дейін),
Көктем - 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурызға дейін);
1 сыныпта: қосымша демалыс - 7 күн
(2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).
4. Білім және Ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
5. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.
6. Оқу процесін ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. Шакенге міндеттеймін.

Мектеп директоры:

Тажыбаев Қ





БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Баршақұм ауылы

№ 22/2

« 01 » қыркүйек 2023 жыл.

Баршақұм орта мектебінде 2023-2024 оқу жылын бастау және демалыс кезеңдерін айқындау туралы.

Қазақстан Республикасы Премьер Министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №363 бұйрығын және Байғанин аудандық білім бөлімінің 2023-2024 жылғы 01 қыркүйектегі №162 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымында 2023-2024 оқу жылы басталуы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:
2023-2024 оқу жылының басталуы - 2023 жылдың 1 қыркүйегі. 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда;
2. Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныпта – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда -34 оқу аптасы.
3. Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
1-11 сыныптардағы демалыс:
Күзгі каникул - 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан 5 қарашаға дейін),
Қысқы каникул - 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан 2024 жылдың 7 қаңтарына дейін),
Көктемгі каникул - 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурызға дейін);
1 сыныпта: қосымша демалыс - 7 күн
(2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).
4. ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
5. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.
6. Оқу процесін ұйымдастыруда «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. Шакенге міндеттеймін.

Мектеп директоры:



Тажибаев Қ



Баршақұм ауылы

№ 38/1

« 30 » тамыз 2024 жыл.

Баршақұм орта мектебінде 2024-2025 оқу жылын бастау және демалыс кезеңдерін айқындау туралы.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 08.08.2024 жылғы №386 бұйрығы негізінде Байғанин аудандық білім бөлімінің 2024 жылғы 12 тамыздағы №128 бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымында 2024-2025 оқу жылы басталуы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

2024 жылғы 1 қыркүйек -2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда;

2. 1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – 7 күн(2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаға дейін;)

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – 10 күн(2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарға дейін;)

3 тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – 11 күн(2025 жылғы 21-31 наурызға дейін;)

4 тоқсан – 8 оқу аптасы.

3. Қорытынды аттестаттаудың мерзімдері:

9(10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында;

11- сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан 13 маусым аралығында.

4. Білім және Ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

5. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

6.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. Шакенге міндеттеймін.

Мектеп директоры м.а:



Өтегенов А.Е



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Баршақұм ауылы

№ 43/1

« 29 » тамыз 2025 жыл.

Баршақұм орта мектебінде 2025-2026 оқу жылын бастау және демалыс кезеңдерін айқындау туралы.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 11.08.2025 жылғы №340 бұйрығы негізінде Байғанин аудандық білім бөлімінің 2025 жылғы 12 тамыздағы №149 бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымында 2025-2026 оқу жылы басталуы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:
2025 жылғы 2 қыркүйек -2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда;
2. 1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – 7 күн(2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаға дейін);
2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – 10 күн(2025 жылғы 29 желтоқсанныан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарға дейін);
3 тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – 11 күн(2026 жылғы 19-29 наурызға дейін);
1 сыныптарда қосымша демалыс күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда)
4 тоқсан – 8 оқу аптасы.
3. Қорытынды аттестаттаудың мерзімдері:
9(10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;
11- сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2026 жылғы 2-15 маусым аралығында.
4. Білім және Ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
5. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. Шакенге міндеттеймін.

Мектеп директоры



Өтегенов А.Е